

ҚҰҚЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Нұсқау: Сізге берілген төрт жауап нұсқасынан бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тапсырмалар беріледі.

1. Құқықтың негізгі қайнар көзі болып табылады

- A) министрдің бұйрығы
- B) президент жарлығы
- C) нормативтік-құқықтық акт
- D) үкімет қаулысы

2. 1948 жылы 10 желтоқсанда БҰҰ Бас Ассамблеясы қабылдады

- A) Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы пактіні
- B) Бала құқықтары туралы Конвенцияны
- C) Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясын
- D) Азаматтық және саяси құқықтар жөніндегі халықаралық пактіні

3. Қазақстан Республикасында ювеналды юстицияға кіретін 2002 жылы тамызда қабылданған маңызды құжат

- A) «Үкіметтік емес ұйымдар туралы» Заң
- B) «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заң
- C) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заң
- D) «Тұтынушылар құқығын қорғау туралы» Заң

4. Сот төрелігін жүзеге асыру өкілеттілігі берілген мемлекеттік лауазымды тұлға

- A) Алқабі
- B) Нотариус
- C) Тергеуші
- D) Судья

5. Қазақстан Республикасы Президенті жанынан құрылған консультативтік-кеңесші орган

- A) Қазақстан халық комиссарлар кеңесі
- B) Қазақстан халқы Ассамблеясы
- C) Қазақстан халқының үйлестірушілік-қорғаушылық ұйымы
- D) Конституциялық Кеңес органы

6. Кәмелетке толмаған жасөспірімді арнайы құқықтан айыру мерзімі аспауы тиіс

- A) екі жылдан
- B) үш жылдан
- C) төрт жылдан
- D) бір жылдан

7. Мемлекеттік меншіктегі жер учаскелеріне жатпайды

- A) орман және су қорларының жерлері
- B) тарихи-мәдени қорғалатын табиғи аумақтар
- C) жеке меншік жер учаскелері
- D) сауықтыру мақсаттағы қорғалатын табиғи аумақтар

8. Қылмыстық құқықтың қағидаттарының бірі

- A) ынталандыру
- B) қорғау
- C) сыртқы
- D) заңдылық

9. Білім саласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы құрылған ұйым

- A) «Экотуризм» клубы
- B) «Жасыл ел» бағдарламасы
- C) «Болашақ» бағдарламасы
- D) «Адал ұрпақ» клубы

10. Заңға сәйкес қызметті жүзеге асыру үшін арнайы мемлекеттік орган берген рұқсат

- A) виндикация
- B) лицензия
- C) диспозиция
- D) облигация

11. «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Заңның 30-бабына сәйкес, ауыстыруға, қайтаруға болатын тауар

- A) теледидар
- B) дәрілік заттар
- C) жануарлар мен өсімдіктер
- D) медициналық бұйымдар

12. Неке және отбасын қорғауды жүзеге асыру түрлері

- A) виндикациялық, негаторлық
- B) юрисдикциялық, бейюрисдикциялық
- C) ресми, бейресми
- D) объективті, субъективті

13. Еңбек құқығымен байланысты дұрыс дәйекті анықтаңыз

- A) жұмыскердің тәртіптік теріс қылығы
- B) тұтынушылардың қоғамдық бірлестіктерін құру
- C) жедел іздестіру қызметі мен тергеу
- D) әкімшілік жауаптылық шаралары

14. Іс бойынша өз құзыретінің шегінде сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыруға уәкілетті лауазымды тұлға

- A) қорғаушы
- B) жәбірленуші
- C) анықтаушы
- D) айыпталушы

15. Соттың және басқа органдардың актілерін орындау міндеті заңмен жүктелген лауазымды тұлға

- A) сот приставы
- B) сот орындаушысы
- C) сарапшы
- D) сот хатшысы

16. Әкімшілік құқықбұзушылық туралы істерді сотқа келіп түскеннен кейін қарайды

- A) он бес күн ішінде
- B) он күн ішінде
- C) алты ай көлемінде
- D) бір ай аралығы

17. Қазақстан 1993 жылдан бастап Халықаралық еңбек ұйымына мүше бола отырып, міндеттеме алды

- A) жастарды жұмысқа ынталандырмауға
- B) балалар еңбегін толық қолдануға
- C) ер мен әйелдерге тең емес еңбекақы төлеу
- D) жұмысшылардың кемсітушілігін болдырмауға

18. 1966 жылы Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық пакт аясында құрылды

- A) Бала құқықтары жөніндегі комитет
- B) Ажырамас құқықтарды жүзеге асыру жөніндегі комитет
- C) Адам құқықтары жөніндегі комитет
- D) Апартеидке қарсы комитет

19. Қоғамдағы, әлеуметтік топтағы құқықтық көзқарас, талап, идеялардың жүйеленген ғылыми көрінісі

- A) құқықтық психология
- B) құқықтық идеология
- C) құқықтық мәдениет
- D) құқықтық сана

20. Бір идеология мен дүниетаным монополиясының жоқтығы, ар-ұждан бостандығымен байланысты фактор

- A) рухани
- B) әлеуметтік
- C) саяси
- D) экономикалық

21. Істің нәтижесіне мүдделі емес тәуелсіз тұлға

- A) уәкілетті орган
- B) делдалдық келіссөз жүргізуші
- C) адвокат
- D) медиатор

22. Қазақстан Республикасының жергілікті өкілетті органы

- A) Жоғарғы сот
- B) Аудандық әкімдік
- C) Аудандық сот
- D) Мәслихаттар

23. Конституция мемлекеттің сыртқы саяси әрекетінің негізі болып табылатын функция

- A) ұйымдастырушылық
- B) құрылтайшылық
- C) сыртқы саяси
- D) құқықтық

24. Заңды тұлғаға берілетін құқықтың коммерциялық түріне жатады

- A) қоғамдық бірлестіктер
- B) акционерлік қоғам
- C) қоғамдық қорлар
- D) діни бірлестіктер

25. Зияткерлік меншік құқығын бұзу

- A) бипатрид
- B) плагиат
- C) контрафакт
- D) вандализм

Нұсқау: Сізге контекст негізіндегі ұсынылған төрт жауаптан бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары беріледі.

Сайлау жүйесі мен сайлау құқығы өзара тығыз байланысты. Қазақстан Республикасында сайлау жүйесі деп Конституцияда және конституциялық заңдарда қарастырылған Президентті, Парламент пен мәслихат депутаттары, жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлау тәртібін айтамыз. Сайлау жүйесінің негізгі үш түрі бар: мажоритарлық, тепе-теңдік және аралас. Мажоритарлық сайлау жүйесі – көпшілік жүйе. Бұл жүйе бойынша сайлаушылардың көпшілік дауысына ие болған кандидат сайланған болып есептеледі.

Мажоритарлық сайлау жүйесінің екі түрі бар:

Абсолютті жүйеде сайлаушылардың басым көпшілігі дауысын (50%-дан артық, яғни кемінде 50%+1 дауыс) иемденген кандидат сайланды деп есептеледі.

Салыстырмалы немесе қарапайым жүйеде өзінің әрбір қарсыласына қарағанда көп дауыс иемденген кандидат сайланған болып есептеледі.

Тепе-теңдік сайлау жүйесі партиялардың тізімі бойынша көп мандатты сайлау округтерінде пайдаланылады.

Аралас сайлау жүйесі депутаттық мандаттардың бір бөлігі мажоритарлық жүйе қағидаттарына сәйкес бөлінеді. Бұл тұрақты үкіметті қалыптастыруға ықпал етеді. Ал екінші бөлігі тепе-теңдік жүйе қағидаттарына сәйкес бөлінеді. Бұл сайлаушыларды анағұрлым толық есепке алуға мүмкіндік береді және елдегі саяси жағдайды дәлірек көрсетеді.

Қазақстанда сайлау жүйесінің екі түрі бар: тепе-теңдік сайлау жүйесі, салыстырмалы және абсолютті мажоритарлық жүйе.

26. Мәнмәтін бойынша көпшілік дауысқа ие болу мақсатында өтетін сайлау жүйесінің түрі

- A) мажоритарлық
- B) аралас
- C) күрделі
- D) жанама

27. Мәнмәтінде сипатталған сайлау жүйесінің тәртібі туралы айтылған басты құжатты анықтаңыз

- A) Кодекс
- B) Конституция
- C) Декларация
- D) Конвенция

28. Мәнмәтін бойынша абсолютті сайлау жүйесі бойынша кандидат жинауға тиісті дауыс мөлшері

- A) төрттен бір бөлігін иеленген
- B) тең жартысынан астамын жинаған
- C) үштен бір бөлігін жинаған
- D) оннан бір бөлігін жинаған

29. Мәнмәтінге сүйеніп сайлауға қатысу ерікті түрде жүзеге асатын жас мөлшерін анықтаңыз

- A) 10 жастан бастап
- B) 18 жастан бастап
- C) 14 жастан бастап
- D) 16 жастан бастап

30. Мәнмәтін негізінде Президент пен Парламент депутаттарын сайлау көрініс тапқан ҚР Конституциясының бөлімдерін анықтаңыз

- A) III, IV
- B) V, VI
- C) II, VIII
- D) I, VII

Нұсқау: Сізге сәйкестікті анықтауға арналған тапсырмалар беріледі.

31. Адам құқығы мен бостандығының мазмұны бойынша түрлерінің мәнін атауымен сәйкестендіріңіз

А)	азаматтарға мемлекет пен қоғамды басқаруға қатысу мүмкіндігін беретін құқықтар жиынтығы	әлеуметтік және мәдени құқықтар мен бостандықтар
		әлеуметтік-экономикалық құқықтар мен бостандықтар
		саяси құқықтар мен бостандықтар
		жеке құқықтар мен бостандықтар
В)	адамға туғаннан берілетін табиғи және өзгермейтін құқықтар мен бостандықтар жиынтығы	әлеуметтік және мәдени құқықтар мен бостандықтар
		әлеуметтік-экономикалық құқықтар мен бостандықтар
		саяси құқықтар мен бостандықтар
		жеке құқықтар мен бостандықтар

32. Қылмыстық құқық қағидаттарын олардың мәндерімен сәйкестендіріңіз

А)	Жеке айып жауаптылығы қағидаттары	Қылмыскер өзі жасаған қылмысы үшін ғана жауап береді
		Қылмыс пен жаза әрекеттері тек қылмыстық заңмен анықталады
		Адамға қолданылған жаза әділ болуы керек
		Қылмыс жасаған адам қылмыстық-құқықтық тәртіп бойынша жазаланады
В)	Қылмыстық жауаптылықтан бұлтармау қағидаттары	Қылмыскер өзі жасаған қылмысы үшін ғана жауап береді
		Қылмыс пен жаза әрекеттері тек қылмыстық заңмен анықталады
		Адамға қолданылған жаза әділ болуы керек
		Қылмыс жасаған адам қылмыстық-құқықтық тәртіп бойынша жазаланады

33. Шығармашылық еңбекке қатынасына байланысты авторлық құқық субъектілерін сәйкестендіріз

А)	Туындыны өз бетінше пайдалануға ерекше құқық алған тұлға	Автор
		Бірлескен авторлық
		Құқық иеленуші
		Сыбайлас автор
В)	Екі немесе одан да көп тұлғалардың бірігіп жасаған туындысы нәтижесінде пайда болған тиесілі құқық	Автор
		Бірлескен авторлық
		Құқық иеленуші
		Сыбайлас автор

34. Әкімшілік жауапқа тарту шараларын әкімшілік жауаптылық функцияларымен сәйкестендіріңіз

А)	Айыпты тұлғаға мүлдіктік ауыртпалық салу, қолайсыз жағдайлар туындату	Тәрбиелік
		Айыпшұл төлету
		Құқықты қалпына келтіру
		Бас бостандығын шектеу
В)	құқықбұзушыдан келтірілген зиянның шығынын өтеу, орнын толтырып алу, өндіріп алу	Тәрбиелік
		Айыпшұл төлету
		Құқықты қалпына келтіру
		Бас бостандығын шектеу

35. Халықаралық жария құқықтағы адам құқықтарын қорғауды жүзеге асыратын ұйымдар мен олардың мақсаттарын сәйкестендіріңіз

А)	ЮНЕСКО	балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу, бала құқықтарын қорғау
		әйелдерге қарсы кемсітудің барлық түрлерімен күресу
		білім, ғылым және мәдениет саласында мемлекеттер мен халықтардың ынтымақтастықты кеңейту
		кедейшілікпен күрес, әлеуметтік қамсыздандыруды дамыту
В)	Халықаралық еңбек ұйымы	балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу, бала құқықтарын қорғау
		әйелдерге қарсы кемсітудің барлық түрлерімен күресу
		білім, ғылым және мәдениет саласында мемлекеттер мен халықтардың ынтымақтастықты кеңейту
		кедейшілікпен күрес, әлеуметтік қамсыздандыруды дамыту

Нұсқау: Сізге бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар беріледі.

36. Жеке мүліктік емес құқық түрі (-лері)

- A) Сайлауға қатысу құқығы
- B) Шетел азаматтығын алу құқығы
- C) Еркін жүріп-тұру құқығы
- D) Кеден қызметін пайдалануы құқығы
- E) Жеке өнертапқыш құқығы
- F) Авторлық құқық

37. Авторлық құқықты рәсімдеу қажеттігі (-тері)

- A) сыйға тарту үшін
- B) мұрагерлік жолмен қалдыру мақсатында
- C) авторлық құқыққа ақшалай қаражат алуы үшін
- D) өзінің жеке мүддесін қанағаттандыру үшін
- E) өзінің шығармашылық еңбегін өзге біреу пайдаланбау үшін
- F) өзгенің құқығын иеленіп алу үшін

38. Жұмыс беруші мен жұмыскердің арасында жасалатын екі жақты жазбаша құжат (-тар)

- A) Сақтандыру келісімі
- B) Еңбек шарты
- C) Мәміле шарты
- D) Сатып алу шарты
- E) Айырбас келісімі
- F) Қарыз келісімшарты

39. Жұмыс беруші мен жұмыскердің арасындағы жазбаша келісім (-дер)

- A) хартия
- B) еңбек шарты
- C) акт
- D) келіссөз
- E) конвенция
- F) шешім

40. Қазақстан Республикасында ратификацияны жүргізеді

- A) Мәслихат
- B) Парламент
- C) Президент
- D) Конституциялық Кеңес
- E) Жоғарғы сот
- F) Үкімет

ҚҰҚЫҚ НЕГІЗДЕРІНЕН СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ